



Пән: Қазақ тілі Т2	Бөлім: 5. Саяхат			
Күні :	Педагогтің аты-жөні: Мергембаева Ардақ Хасеиновна			
Сынып: 4	Қатысқан оқушылар: 18		Қатыспаған оқушылар : -	
Сабақтың тақырыбы:	4. Көлік			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	1.2.2.1* сурет/үлгі бойынша хабарлы және сұраулы сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып сөйлеу (1-2 сөйлем); 1.4.1.1* мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа қатысты сөздер, сызбалар, суреттерді қолданып, постер/сөйлемді суретпен толықтырып жазу; 1.5.1.4 сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін мұғалімнің қолдауымен дұрыс қолдану			
Сабақтың мақсаты :	<p><b>Барлық оқушылар:</b> көлік түрлерін атай алады, мұғалімнің көмегімен өзінің қайда және кіммен баратынын айта алады, <b>ө</b> әрпін таниды, дұрыс дыбыстайды, жаза алады, <b>ө</b> дыбысы кездесетін сөздер қатарын атай алады.</p> <p><b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> тақырып бойынша белсенді сөздік қорды еркін қолдана алады, тақырыпкөлемінде өзара тілдесе алады, <b>ө</b> дыбысын меңгереді.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> өздерінің қандай көлікпен саяхаттайтыны туралы еркін айта алады, <b>ө</b> дыбысы кездесетін сөздер қатарын толықтыра алады.</p>			
Тілдік мақсаттар	Сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін мұғалімнің қолдауымен дұрыс қолдану .			
<b>Сабақтың барысы</b>				
<b>Сабақтың кезеңі/уақыт</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы (5 минут)	Шаттық шеңбер «Сәлем, сәлем» бейнежазбасын көрсетіп, балалар бір-бірімен амандасады.  <b>Өткен сабақтағы материалды қайталап, еске түсіру.</b>  Сабақтың тақырыбын, мазмұнын суреттер арқылы болжайды.		«Қол шапалақ»	<a href="https://youtube.com/watch?v=qM2j9lq_pEw&amp;feature=shared">https://youtube.com/watch?v=qM2j9lq_pEw&amp;feature=shared</a>
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	<p><b>1.Сөздікпен жұмыс.</b> Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталатады:</p> <p>саяхат – немен? – көлік – жау – путешествие на чём? транспорт пешком</p> <p><b>Тыңдалым</b> <b>1-тапсырма</b> Бірінші сурет бойынша әуежай, саяхат, ұшақ, автобус, велосипед сөздерінің қолданысымен танысады. Оқушыларға тапсырмада берілген сурет мазмұнын түсіндіріп, оларды көлік түрлерімен (ұшақ, пойыз, автобус, велосипед) таныстырады.</p> <p><b>Айтылым</b> <b>2-тапсырма.</b> Оқушыларды <i>Мен үйге ... барамын</i> сөйлемін айтуға жаттықтыру. Оқушыларды сөйлемді толықтырып айтқанда көмектес</p>	<p><b>Тыңдалым, айтылым.</b> Жаңа сөздерді тыңдайды, мұғаліммен бірге қайталайды.</p> <p>1-тапсырмада көлік түрлерімен танысады. Әуежай, саяхат, ұшақ, пойыз, автобус, велосипед сөздерінің мағынасын тірек суреттер бойынша түсінеді, қайталайды.</p> <p>Берілген сөйлесу үлгісін аудиодискіден тыңдайды, қайталайды.</p> <p>Оқушылар «Мен үйге ... барамын» сөйлемінде көп нүктенің орнына қолдарына таратылған көлік суреттерін қойып, сөйлемді толықтырып айтады. «Ол үйге автобуспен барады».</p>	Оқушылардың жұмысы «Қолмен белгі беру» әдісі бойынша бағаланады.	<p><b>Оқулық</b> <b>сөздік</b> слайд</p> <p><b>Аудиодиск:</b> <b>5.4.1;</b> <b>5.4.4</b></p> <p><b>Көлік суреттері, тақтада «Мен үйге ... барамын» сөйлемі жазылған</b></p>

	<p>септігінің жалғауын дұрыс қолдана білуге жаттықтырады.</p> <p><b>Мен үйге ... барамын.</b></p>  <p>Оқушылармен <b>сергіту сәтін</b> ұйымдастыру.</p> <p><b>Тыңдалым, айтылым. 3-тапсырма.</b>  <b>«Ө» әрпімен таныстыру.</b>  <b>Ө ө</b> дыбысымен, оның әрпімен таныстырады. <b>Ө</b> дыбысының дұрыс дыбысталуына ерекше назар аударады. <b>Ө</b> дыбысы кездесетін сөздер қатарын сурет бойынша үйретеді. Олар: төрт, көк, өрік.</p> <p><b>«Көп және тез» ойыны</b> бойынша қазақ тіліне тән дыбыс кездесетін сөздерді қайталану жұмыстары жүргізіледі. Оқушыларға дәптердегі тапсырмалардың орындалу жолын түсіндіремін (<b>№2 жұмыс дәптері</b>).</p> <p>1- тапсырмада оқушылардың әріпті бастыру, өз бетінше жазу, сөздерді көшіріп қалыптастырылады.</p> <p>2- тапсырмада мұғалім оқушылардың сөзді өз бетінше жаза алу дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөледі.</p> <p>3-тапсырмада <b>тыңдалым</b> жүзеге асырылады. Оқушылар аудиодиск бойынша</p>	<p><b>Сергіту сәтін орындайды.</b> Кел, билейік, балақай.</p> <p>Тыңдалым, айтылым.</p> <p><b>Ө ө</b> дыбысы мен оның әрпімен танысады, <b>ө</b> дыбысын дұрыс дыбыстауды үйренеді. <b>Ө</b> дыбысы кездесетін сөздер қатарын сурет бойынша атайды: <i>төрт, көк, өрік.</i></p> <p>Қазақ тіліне тән дыбыс кездесетін сөздерді атайды.</p> <p>1-тапсырмада оқушылар «Ө ө» әрпін бастырады, өз бетінше жазады, <i>өрік, төрт</i> сөздерін көшіріп жазады.</p> <p>2-тапсырмада оқушылар суретте берілген сөзді айтады, оны өз бетінше жазады.</p> <p>3-тапсырмада оқушылар аудиодиск арқылы екі ақпаратты тыңдайды, тыңдаған ақпаратқа</p>	<p>айтады. көмектес септігінің жалғауын айтуға дағдыланады. «Қол шапалақ»</p> <p>Оқушылардың дәптердегі жұмысы стикер жапсыру немесе смайл қою арқылы бағаланады.</p>	<p><b>плакат.</b></p> <p><a href="https://youtube.com/watch?v=fZprf7kSif0&amp;feature=shared">https://youtube.com/watch?v=fZprf7kSif0&amp;feature=shared</a></p> <p><a href="https://youtu.be/UJjYNVqLrOY?si=kW-KKgSs-3rycDU_">https://youtu.be/UJjYNVqLrOY?si=kW-KKgSs-3rycDU_</a></p> <p><b>Қима сурет, оқулық</b></p> <p><b>Оқулық 61- бет</b></p> <p><b>слайд</b></p> <p><b>№2 жұмыс дәптері</b></p> <p><b>Аудиодиск_ Дәптер: 5.4.3</b></p>
--	---	---	---	---

	<p>тыңдаған ақпаратты түсінгендерін суретті тыңдаған ақпаратқа сәйкес бояу арқылы көрсетеді. Тыңдайтын ақпарат:  <i>Мынау – автобус. Автобус сары. Мынау – ұшақ. Ұшақ көк.</i></p> <p><b>Оқылым</b>  <b>Кім жылдам</b>          Тақтаға дауыссыз дыбыстар қатары жапсырылған. Тақтаға шыққан баланың қолына «Ө» әрпі жазылған карточка жапсырылған. Оқушы қолына жапсырылған ө әрпін әрбір дауыссыздың қасына жақындатып, буындарды оқиды.</p> <p><b>ЕББҚ (Зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы (ЗТГС) жеке қолдау көрсетіледі</b></p>	<p>сәйкес суреттерді бояйды .</p> <p>Оқушылар қолына жапсырылған ө әрпін әрбір дауыссыздың қасына жақындатып, буындарды оқиды.</p> <p>ЕББҚ (Зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы (ЗТГС) бар оқушылар тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындайды.</p>	<p>Оқушылар өзін-өзі бағалайды.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p>Үй тапсырмасын беру : 4-тапсырма</p>			
<p><b>3 минут</b></p>	<p><b>Кері байланыс</b>  <b>«Түрлі- түсті смайликтер»</b>  </p>	<p>Өз деңгейлерін анықтайды.</p>		
<p><b>Бағалау</b></p>	<p>Мұғалім сабақта белсенді болған, сабақ барысында жауап берген оқушыларды мадақтап, атап өтеді.</p>			